

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ КИБЕРБУМИНГ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ?

(АТА-АНАЛАР ҮШІН АҚПАРАТ)



*ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ
ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ: Х. МАМБЕТОВА*

Соңғы жылдары сандық технологиялардың дамуы себепті балаларға қатысты зорлық түрлеріне кибербуллинг немесе онлайн қорлау қосылған. Соның кесірінен жасөспірімдер ғаламтордағы белгісіз топтардың құрбанына айналып, тіпті араларында өз-өзіне қол жұмсайтындары да бар.

✘ **Кибербуллинг дегеніміз не?**

✘ **Кибербуллинг** – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды.

Сарапшылардың сөзінше, кибербуллинг қазір бүкіл әлемдегі өте өзекті проблемаға айналған. Өкініштісі, Қазақстанда да кибербуллингке ұшыраған балалар аз емес.

Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды. Олар баланың қауіпсіздігіне ең бірінші кезекте жауапты адамдар болуы тиіс дейді мамандар. Сондықтан, ата-аналарға балаларына интернеттегі қауіп туралы айтып, мінезіндегі кез-келген өзгерісті бақылау ұсынылады.



✘ Ата-аналар білуі тиіс сақтық шаралары

- ✘ Егер балаңыздың күмәнді желілерге кіріп, қаскөйлердің құрбаны болғанын байқап қалсаңыз, оларға ұрыспай, барынша қолдау көрсету керек.
- ✘ Балаға оны түсінетінін жеткізе отырып, оны жұбату қажет. Кейін проблемамен бірге күресіп, баланы психологқа да көрсетіп алған дұрыс

Егер бала проблемасын айтып келсе, оны бас салып кінәлап, ұрысудың қажеті жоқ. Телефонды да бірден тартып алып, ғаламторға шектеу қоймау керек. Мұндай жағдайда бала ата-анасынан көңілі қалып, екіншіде мәселесін айтпайтын болады. Әке-шешелері балаларымен байыппен сөйлесіп, олардың еш кінәсінің жоқтығын түсіндіруі керек. Қамқорлықты сезінген баланың сенімі оянып, тығырықтан шығатынына сенеді.

Кибербуллингке не үшін бірден назар аудару керек?

- ✘ Қорлап, кемсіту баланы психологиялық күйзеліске ұшыратады;
- ✘ Жанын ауыртып, суицидке итермелейді;
- ✘ Мінезінің өзгеруіне әкеледі;
- ✘ Ешкім қорлықтың құрбаны болмауы керек;
- ✘ Әркім өзінің ар-намысын аяққа таптатпауға құқылы;
- ✘ Ата-аналар мұндай қорлықты байқаса, бірден балаға көмектесуі керек.



Қысым көрген балалардың айрықша белгілері:

- ✘ Сабақ оқуға зауқы болмайды және үй тапсырмасын нашар орындайды;
- ✘ Көңіл-күйі түсіп жүреді;
- ✘ Үнемі уайымдайды және өзіне сенімсіз болады;
- ✘ Ешкіммен әңгімелесуге зауқы соқпайды және оқшау жүреді;
- ✘ Қорқып сөйлейді, тамақ ішуге тәбеті тартпайды;
- ✘ Үйден қашып кетуге тырысады;
- ✘ Суицид жасайтынын айтып қорқытады;
- ✘ Түнде дұрыс ұйықтамайды және шошып оянады;
- ✘ Өзіне не болғанын айтудан қорқады;
- ✘ Жиі ақша сұрайды не ұрлық жасайды;
- ✘ Ғаламторды не гаджеттерді қолдануға үрейленеді;
- ✘ Телефонына хабарлама келсе, ашуланады.



Кибербуллингке тап болғанда:

- ✘ Әлеуметтік желіде қысым көрсеткен адамның хабарламасына жауап бермеу;
- ✘ Онымен сөйлесуді тоқтатып, бұғаттау;
- ✘ Әлеуметтік желі әкімшісіне сен туралы жарияланған жазба не суреттерге шағымдану;
- ✘ Күдікті жазбаларды скриншот жасап, тиісті органдарға хабар беру керек.



**Өз балаларыңызбен жақын болыңыздар,
оларды не толғандыратыны мен не алаңдататынын
білгеніңіз жөн.**

**Шынайы проблеманы шешу үшін виртуалды әлемге
қашудың қажеті жоқ екеніне баланың көзін
жеткізіп, ұғындырыңыз.**

